

ӘОЖ 821.512.122-1

ҒТАХР 17.07.41

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.040>

Қ. БЕГМАНОВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ЖИДЕЛІБАЙСЫН ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ШОҒЫРЛЫ ЖЫРЛАР ЕРЕКШЕЛІГІ

*Сұлтанова Б.М. ¹

*¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ақын Қ. Бегманов поэзиясындағы шоғырлы жырлар назарға алынды. Қ. Бегманов – қазіргі қазақ ақыны, оның алғашқы жыр жинағы 1980 жылдардың ортасынан бастап жарық көре бастаған. Ақын Қ. Бегманов шығармашылығы туралы зерттеу мақалаларының аздығы мақаланың өзектілігін көрсетеді десек болады. Бұл мақаланың ғылыми жаңалығы Қ. Бегманов шығармашылығына жан-жақты талдау жасауымен және оның лирикасындағы циклдену үрдісінің, шоғырлы жырлар ерекшеліктерін қарастырылуына. Бұл жұмыстағы негізгі мақсатымыз – ақын Қ. Бегманов лирикасындағы Жиделібайсын тақырыбы аясында шоғырлы жырлардың ерекшелігін айқындау. Жұмыстағы зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиетін оқытуға арналған оқу құралдары мен оқулықтарды жазу барысында пайдалануға болатындығы мақаланың практикалық маңыздылығын көрсетеді. Мақаланы жазу барысында тарихи-әдеби, салыстырмалы әдістер, сонымен қатар мәтінді стильдік және мотивтік талдау әдістері қолданылады.

Бұл еңбекте қазіргі әдебиетіміздегі туған жер тақырыбын жырлауда ақын Қ. Бегманов жырларының маңызы туралы айтылады.

Ақын Қ. Бегмановтың шығармашылығында Жиделібайсын тақырыбын өзгеше салмақты салаға айналған деуге болады. Жиделібайсын – қазақтың ұлттық танымында, түсінігінде эпостық, батырлық жырларында, Асан қайғы жайлы аңыздарда, Бұхар жырау толғауларында жиі кездесетін берекелі, ырысты, қасиетті, қастерлі, құтты, киелі мекен. Атауының өзінде рух бар, ұлттың ой-арманы жасырынған. Қазақ үшін құтты қоныс – өмір, бар болу.

Жиделібайсын – ұрпақты аман сақтаудың, елдікті сақтаудың, бақытқа жетудің нышаны, символы. Ақын Жиделібайсын арқылы ұлт тағдырын айтады. Ақын Қ. Бегманов поэзиясындағы Жиделібайсын жайындағы өлеңдерін талдау арқылы ұлтқа тән әр қилы бояулар, ақ пен қара, ел болу мен болмау, бір уыс топырақ болсын қастерлеу тәрізді ұлттық таным сипаттары талданды.

Тірек сөздер: Жиделібайсын, шоғырлы жырлар, поэзия, символ, туған жер, метафора, эпитет, тақырып, идея

Кіріспе

Қасымхан Бегманов – қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы бар, белгілі ақындардың бірі. Мақаланы жазу барысында ақынның соңғы жылдары әр түрлі баспаларда жарық көрген жыр жинақтары, ақын туралы жазылған сындар, ғылыми мақалалар пайдаланылды.

Осындай белгілі ақынның шығармашылығы туралы зерттеулерді жеткілікті деп айта алмаймыз. Ақын шығармашылығы жөнінде салмақты жазылған еңбектердің біріне М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Нұрбол Құдайбергеновтің 2018 жылы наурыз айында Қазақ әдебиеті газетінде жарияланған ақын шығармашылығы талданған мақаланы айтуға болады. Автор мақаласында ақын шығармашылығы туралы Қ.Мырза-Әли, Т.Молдағалиев, М.Қойгелдиев, А.Ісмақова тәрізді елге аттары кеңінен белгілі руханият өкілдерінің пікірлерінің кезінде мерзімді баспасөз бетінде жарияланғаны туралы айтады. Одан әрі мақала авторы ақын шығармашылығындағы сағыныштар цикліне тоқталады, талдау жасайды. Ғалым бұл мақаласында сонымен қатар ақын шығармашылығының бір арнасы, біз сөз еткелі отырған туған жер тақырыбы туралы салмақты ойларын ортаға салады. Жас ғалым Құдайбергенов Н. ақын шығармаларына өзек болған бауырлас ел ішінде қалып қойған жерлер мен тарихи тұлғалар Төле би, Әйтеке би, Жолбарыс хан, Жалаңтөс бахадүр молаларын, Ташкент қаласы мен оның айналасындағы әлі күнге қалың қазақ отырған біраз аудандардан айрылып қалғанымыздың ақын жүрегін ауыртатынына тоқталады. Ғалым пікірін одан әрі сабақтап қаламгер өлеңінің поэтикалық арнасы кең, көркемдік қуаты мол екендігін жазады.

Мақалада Қ.Бегманов лирикасындағы *Жиделібайсын* тақырыбындағы шоғырлы жырлардың ерекшелі талданады. Қазақтың ұлттық танымындағы Жерұйық ұғымы талқыланады. Жерұйық ұғымымен қатар Еділ-Жайық, Есіл-Нұра, Талас-Шу қатарында Жиделібайсынды ала отырып отанды сүю, ұрпақты аман сақтау, елшілдік мәселелері талданады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу жұмысының материалы ретінде Қасымхан Бегмановтың 2014 жылы жарық көрген жыр жинағы, тағы да басқа жыр жинақтары қолданылды. Мақаланы жазуда салыстыру әдістерін қолдандық. Әдебиеттану ғылымындағы, қазақ әдебиеті тарихына қатысты зерттеу еңбектерінен және көркем шығармалардан сілтемелер, мысалдар алынды. Атап айтқанда Құдайбергенов Н., Майтанов Б., Шәріп А. Сыздықова Р. еңбектерін мақалаларын, монографияларын басшылыққа ала отырып ғылыми мақала жазылды [5, 2, 7, 8].

Ғылыми мақаланы жазу барысында Қ. Бегмановтың өлеңдерін Бұқар жырау, Дулат Бабатайұлы, Махамбет өлеңдерімен салыстырылып-салғастырылып талдау жасалынды [5, 4, 6].

Талқылау

Өлең сөз туралы, оның ішінде ұлтымыз ерекше бағалаған сөз өнері туралы жазу қашаннан қиын. Сөздің құдіретін біліп, сезіп, рухани-мәдени асыл мұраларын эпикалық жанрда қалдырған бабаларымыз асыл сөзге өлім жоқ екендігін тым көне дәуірлерде-ақ айтып кеткен. Себебі сөз – қазақ үшін культ. Сөздің қасиетін білгендіктен осы өнерді өнер атаулының бәрінен жоғары қойды. Сөздің астральдық сипатын біліп, культ деп тануда басқа жұрттар да қазақтар тәрізді. Ежелгі грек ақындары да поэзияны өте жоғары бағалаған. Себебі өнер туындысының, оның ішінде поэзияның табиғатын түсіну – зор пайым, терең танымды қажет етеді.

Сөз туралы, оның ішінде поэзияның тылсым құпиясы, құдіреті, сыры туралы адам баласы аз айтпаған. Ежелгі ақындарымыз, жырауларымыздың жырларын, мақал-мәтелдерді былай қойғанда, ұлы Абай өлеңдерінен бері қарай да поэзия туралы ойларға, тұжырымдарға мыңдаған мысал табуға болар.

Бізді сөз туралы түрлі ойларға жетелеген сыршыл, ойшыл ақын Қасымхан Бегмановтың 2014 жылы жарық көрген жыр жинағы болды. Жинақтағы өлеңдер түрлі тақырыптарды, келелі мәселелерді қамтиды. Жинақтатуған жер, Отан, достық, адамгершілік, өмір, ата-ана, ана махаббаты, табиғат, махаббат, көңіл-күй туралы тақырыптар қамтылған. Жалпы алғанда өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан кейінгі кезеңде қазақ әдебиетінде қаламгерлерімізді толғандырған ең маңызды тақырыптардың қатарында ұлтымыздың тарихы және болашағына байланысты мәселелерді жатқызуға болады.

Нәтижелер

Ұлттың тарихы мен болашағы қашаннан туған жер, ата қоныспен байланысты. Бұл ұлтының қамын жейтін, бүкіл біртұтас елдің мүддесін қорғап, жан-жақтан төнген қатер-қаупіне қасқайып қарсы тұрар қалам қайраткерлерін ғана емес, әр есті адамды толғандырар мәселе екені де анық. Ұлт болашағы дегенде ауызға алдымен оралары – жер, ата қоныс, туған мекен. Себебі жер – елдің бірлігінің, тұтастығының, халықтың саяси егемендігінің, тәуелсіздігінің және бостандығының, еркіндігінің ең негізгі белгісі екендігі айқын [3]. Бұл ежелгі дәуірлерден бүгінгі күнге дейін бұрынғыдан да салмағы аса түспесе бір мысқал төмендемеген аса өзекті және маңызды мәселе болып отыр.

Мұның себебі өте көп әрі жан-жақты. XIX ғасырдағы ұлы ақын Дулат Бабатайұлы ата-баба мекенін суреттей отырып жер жағдайына келгенде өзен, суды қорыған қызғыш құстай болатынын жазады.

Дулат Бабатайұлы кіндік қаны тамған жерді, ата-баба қонысын қастерлей отырып атақты толғауын жазса, арада жүз елу жылдай өткенде ақын Қасымхан Бегманов өзбекке кеткен ата-баба қонысын жоқтайды. Ұлт тағдыры үшін өзін жауапкер сезінген ақынды ата-бабамыздың неше мың жылдық қонысы Жиделібайсындын өзбекке біржола сіңуі зар тұңғығына батырған. Жат қолда қалған ата-баба моласы айтыла бермейтін мәселелердің бірі. Өлең бастан аяқ ата қонысты аялайтын, ештеңеге теңгермес аруана сезімге толы. Ресей империясының отарындағы бодан халық трагедиясы Жиделібайсын – өлеңінің негізгі арқауы. Ақынның туған жер туралы тебіренісі ала бөтен әсер қалдырады. Қазақ батырлық жырларынан бастау алатын жершілдік, елшілдік мұраттары ақын Қасымхан Бегмановтың Жиделібайсынға байланысты шоғырлы жырларында (циклді жырларында) айрықша ойлармен астарланып берілген. Ойлы жанның жанына батқан жазылмас дерт жатта қалған ата баба қонысы. Ақын көкірегінде тұнған мұң мен зілдің салмағын оқырманда шамасынша безбендейді. Өлеңде Отанды сүю, ұрпақты аман сақтау, бұқарашылдық, елшілдік аса нәзік сыршылдықпен бедерленген.

Ақын халқын, елін, жерін тебіреніспен жырлайды, солардың болашағы жайлы толғанып, қуанышына жадырап, қайғысына қамығады. Ақын жер мен халықты бөліп-жармай, біртұтастықта қараған. Ақын жырларында «туған жер, отан, атамекен» идеясын білдіру үшін *Жиделібайсын* сөз-символды қолданған. Жиделібайсынды қасиетті құтты қоныс санау ежелгі дәуірлерден басталып, Асан Қайғыда ерекше сипатқа ие болып, Бұқар жырау жырларында кеңінен өрнектелген. Мысалы Бұқар жыраудың толғауында дүниенің өткіншілігін айтады дағы, егер мұсылман болсаңыз малды үш жыл бойы ту сақтап, Сырдариядан кешіп өтіп, адамдары жүз жыл жасаған, малдары үнемі егіздеп төлдеген, құтты, қасиетті мекен Жиделібайсынға барыңыз деп өсиет етеді.

Бұл әдеби дәстүрде әбден қалыпқа түскен қазақ поэзиясындағы туған жерді, ата-баба мекенін құрметтеу идеясын білдіру үшін Есіл-Нұра, Еділ-Жайық, Сырдария-Қуандария, Шу-Талас, т.б. тәрізді қос өзен қолданысы ұғымының шеңберінде ұлттық мағынаға ие болған сөз-символдар кеңінен қолданыс тапқан» [7, 50 б.]. Бұл орайда академик Рабиға Сыздықова символ дегеніміз ойдың астарлы образы екенін айтады. Ұлтымыз символды ертеден өте жақсы білгендігін тілге тиек етеді. Ата-баба мекенінің, туған өлкенің символы ретінде жоғарыда аталған өзен-су, дария атауларын алғандығын айтады. Бұл дәстүр он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген Махамбет ақынға дейін жалғасқан. Махамбет ақынның Еділ бойындағы қалың тоғайға ел-

жұртымды қоныстандырсам деген арманында, Еділ мен Жайық бойында мекендесем деген ой емес, жалпы туған жерде ел-жұртым шат-шадыман, бақытты өмір сүрсе дегенді айтып отыр [8, 90 б.] дейтіні сондықтан академик Рабиға Сыздықованың. Ақын Еділ мен Жайықтың бойын елмен толтырсам дегеннен гөрі кең мағынада қолданып отыр.

«Ресейдің өзі біздің жерімізді бір өзі ғана тартып алумен тоқтамағанын, тынысын тарылып, екі қолын тас байлап, екі аяғын кескендей етіп, тілі, діні, түбі бір халықтар арасына ши жүгірткені айтылады. Тарихы, өнері мен мәдениеті ортақ, бауырлас қара қалпақты өзбекке берді. Таза қазақтар мекендеген Тамды мен Үшқұдықты төңірегін тұтасымен бөліп берумен тоқтамағандығын, түпкі негізгі мақсат – Қазақстанды бөлшектеп, біржолата құртудың бастамасы ретінде алдымен Бостандық ауданын, содан кейін Мырзашөл аймағын түбі бір екінші бауырымыз өзбектерге бергендігін [9] – күйіне жазады ұлы жазушы, тарихты жетік білетін М.Мағауин. Келешек ұрпақ мүддесі, басқаның қолында кеткен «жұлынған жаға» жарасы – азат ойлы, адал сүт емген, көкірек көзі ашық ел азматының жүрегін байыз тапқызбай өлеңге өрнек болған. Жалпы ата қоныс, жер туралы ХҮІІІ, ХІХ, ХХ ғасыр басындағы әдебиетімізде үздіксіз айтылды, алапат ақындық қуатпен өкініш халық санасына құйылды. Мысалы Мұрат Мөңкеұлының Еділ, Жайық, Аштархан(Астрахан), Сарытау (Саратов), Нарынды ғана емес, ағаш, қамыс, тоғай, тал, теректен түк қоймай айрылғандығымыз туралы тереңнен толғайды [4, 44 б.].

Еділ қазақтың етек-жеңі болса, Жайық – жағасы. Адамы жүз жасаған, малы тек қана егіздетіп, сегіздетіп төлдеген Жиделібайсын қазақтың тәжі. Жиделібайсынның жат қолында қалуын ақын ұлттың жанының жарасы деп танып, қазақтың ұғымына сай көктегі жарық жұлдыздың ағуындай, жағаға түскен жамаудай, қабырғасын қақыратып сөккендей көреді. Ақын қолданысындағы фразеологизмдер мен метафоралар тағы басқа да көріктеу құралдары өте образды, дәл, әсерлі шыққан. Ақынның тіл бояуы, сөз нақышы алабөтен. Кестелі сөз нақышы өмір бойғы ісденіс нәтижесінде қалыптасады. Сөзді орнымен қолдану, кісінің жан сарайын әсер етер сөзді табу – майдан қыл суырғандай шеберлік жемісі.

Тәуелсіздік жылдарынан бастап атамекен, туған жер тақырыбы мүлде басқаша пайымға, соны сипатқа ие болды. Тәуелсіздік жылдарындағы ақындардың ішінде туған жер тақырыбын жаңаша жырлауда поэзиясынан тың сипат, өзгеше бояу байқалатын Қасымхан Бегманов – Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы дәстүрін жалғастырушы. Ақын Қасымхан Бегмановтың жыраулар дәстүрімен жершіл, қонысшыл сипаттағы атамекенді қастерлеу сипатында жазылған жырлары арнайы циклды құрайды.

Абылай хан мен хан Кененің орындалмаған ақ арманы – қазақ жерінің тұтастығы мен елдің бостандығы еді.

Туған жер дегенде белгілі сыншы Т.Шапай 70-80 жылдар поэзиясының туған жер тақырыбын жырлау үрдісінде соңғы кездері ауыл, дала, мұржа, түтіннің көп айтылғандығы сондай оқырманды мезі еткенін айтып өтеді. Шексіз далалардан (таулардан, жайлаулардан, өзендерден...) құлағыңыз тұнып, басыңыз айналатынын айтады. Бүгінгі поэзиямызда жоғарыдағы аталған ардақты сөз, қасиетті ұғымдар оқырманға жағымды әсер етудің орнына, жалықтырып, керісінше әсер етіп жатқанын айтады [10, 124 б]. Бұл негізінен тәуелсіздікке дейінгі яғни 1990 жылдарға дейінгі қаламгерлерімізге тән сипат. Сыншы дұрыс айтып отыр. Бірақ қаламгерлеріміз басқаша айта да алмайтын. Оның себебі, салдары тәуелсіздік жылдарында жарық көрген бірнеше ғылыми-зерттеу еңбектерде жан-жақты талданған [10, 124 б].

Тәуелсіздік жылдары жазылған жырларда туған жер, ата қоныс тақырыбы тың арнаға түсті. Енді ауылды сағынудан бөлек мәселелер де қаламгерлерімізді толғандыра бастады. Себебі ойшыл ақынды қайғыға батырған, еңсесін езген – бабалар мекені, ата қонысы. Ақын жүрегінің түбіндегі ат басындай шерді көрген ақыл, сезім иесі пенде тұрмақ көктегі айлы, жұлдызды аспан да ақынды аяйды. Ақын көптің мұңын жоқтап отыр. Осындай мұң Қасымхан Бегмановқа ғана емес тәуелсіздік жылдарындағы қазақ қаламгерлерінің көпшілігіне тән. Себебі заман бір болғаннан соң оның қуанышы мен қасірет де қаламгерлерімізге ортақ. Жазушы Қалихан Ысқақ, Дидахмет Әшімхановтың кіндік қаны тамған жері, ата қонысы Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағайдағы Шабанбайдың Ресейге өтіп кеткенін, жазушының Алтайға барған сайын ата қонысына табан тірей алмай сыртынан ғана телміріп, ұз-а-а-ақ қарап қайтатынын жазады [11, 181 б.].

Қаншама ғасырлар бойы ата-бабаларымыз жанкештілікпен қорғаған, ұрпағына аманаттап қалдырған қасиетті туған жердің соңғы бір-екі ғасырда көз алдымызда жат қолында кеткені халық санасында уақыт өткен сайын толқын-толқын қайта айналып келіп жаңғырығып отыратын мәселе [9]. Мұндай өзекті мәселелерге қаламгерлеріміздің белгілі бір уақытта қайта айналып соғып отыруы заңды.

Қорытынды

Ақын Қ.Бегмановтың әр түрлі жылдарда жыр жинақтарына енген Жиделібайсын туралы шоғырлы (тирадалық) жырларына осы мәңгілік мәселелер арқау болған. Жиделібайсын жайындағы жырларда өмірдегі өзгерістер сан түрлі бояумен өлең өрнегіне арқау болған. Мұның өзі ақынның отансүйгіштігінің бір сипаты деуімізге болады. Өлең ырғағы, келісімі, тілі мөлдіреген көркем.

Жиделібайсын туралы шоғырлы (тирадалық) өлеңдер – ақын Қасымхан Бегмановтың өзіне тән шығармашылық даралығын, ақындық қуатын көрсетеді.

Он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген ұлы ақындардың бірі Мәшһүр Жүсіп Көпеев Бұхар жырау өлеңдері турасында жырау өлеңдерінің тереңдігін білу, түсінуге, оқырманға, тыңдаушыға түсіндіру үшін шыдам, төзім, сабыр, терең білім керектігін айтады. Бұл тар мағынасында ұлы жырауға, кең мағынасында, барлық ақындарға қатысты өлшем. Ақын өлеңін талдау, тереңіне бойлау үшін расында да Апплатонның ақылы, Нұқтың өмірі, терең білім мен ізденіс керек.

ӘДЕБИЕТ

[1] Құдайбергенов Н. Қасымхан поэзиясындағы сағыныш саздары / Қазақ әдебиеті, 30.03.2018 ж.

[2] Майтанов Б.Тәуелсіздік дәуірінің поэзиясы: ұлттық мұрат және поэтикалық мекеншак // Жұлдыз. – 2016. – №3. – 199 б.

[3] Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы, 1997. – 192 б.

[4] Зар заман: Жыр-толғаулар. – Алматы, 1993. – 143 б.

[5] Бегманов Қ. Күреңбел. – Алматы, 2014. – 384 б.

[6] Бұқар жырау Қалқаманұлы // Шығармалары. – Алматы, 1992. – 97 б.

[7] Шәріп А. Рух пен рәміз: монография. – Алматы: ARNA-B, 2013. – 168 б.

[8] Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 207 б.

[9] Мағауин М. Жер – қазақтыкі.Qamshy.kz

[10] Шапай Т. Ой түбінде жатқан сөз. – Алматы: 1989. – 192 б.

[11] Ысқақ Қ. Келмес күндер елесі. – Алматы : 2009. – 679 б.

[12] Асқаров Ә. Алтай алтын бесік, ата жұрт. – Астана: Фолиант, 2009. – 290 б.

[13] Джумабекова А.А., Мажитова Б.К., Ербулатова И.К. Тайыр Жароков өлеңдеріндегі «табиғат» концептісі // «Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы» журналы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2023. – № 1 (68). – Б. 341-354.

REFERENCES

[1] Kudaibergenov N. Kasymkhan poezziyasindagy sagynysh sazday [Words of nostalgia in Kasymkhan's poetry] / Kazakh adebiyeti, 30.03.2018.

[2] Maitanov B.Tauelsizdik daurinin poezziyasy: ulttyk murat zhane poetikalyk mekenshak [Poetry of the era of independence: national ideal and poetic address] // Zhuldyz. – 2016. – No. 3. –B. 195-199. [in Kaz.]

[3] Kenzhaliyev Z. Koshpeli Kazakh kogamyndagy dasturli kukyktyk madeniet [Traditional legal culture in nomadic Kazakh society]. – Almaty: 1997. – 192 b. [in Kaz.]

[4] Zar Zaman: Zhyr-tolgaular [Sad times: Chant]. – Almaty, 1993. – 143 b. [in Kaz.]

- [5] Begmanov K. Kurunbel [Kurunbel]. – Almaty, 2014. – 384 b. [in Kaz.]
- [6] Bukar Zhirau Kalkamanuly [Works]. – Almaty: 1992. – 97 b. [in Kaz.]
- [7] Sharip A. Ruh pen ramiz: monografia [Spirit and symbol: monograph]. – Almaty: ARNA-B, 2013. – 168 b. [in Kaz.]
- [8] Syzdykova R. Abaydyn soz ornegi [Abai's expression]. – Almaty, 1995. – 207 b. [in Kaz.]
- [9] Magauin M. Zher – kazakhtiki [The land is Kazakh]. Qamshy.kz [in Kaz.]
- [10] Shapai T. Oi tubinde zhatkan soz [The word that lies at the bottom of the mind]. – Almaty: 1989. – 192 b. [in Kaz.]
- [11] Ishak K. Kelmes kunder elesi [The ghost of days not to come]. – Almaty: 2009. – 679 b. [in Kaz.]
- [12] Askarov A. Altay altyn besik, ata zhurt [Altai golden cradle, ancestors]. – Astana: Foliant, 2009. – 290 b. [in Kaz.]
- [13] Dzhumabekova A.A., Mazhitova B.K., Erbulatova I.K. Taiyr Zharokov olenderindegi «tabigat» kontseptisi // «Abylay khan atyndagy KazKhKzhaneATU Khabarshysy» zhurnaly. «Filologiya gylymdary» seriyasy. – 2023. – № 1(68). – B. 341-354. [in Kaz.]

ОСОБЕННОСТИ ЦИКЛИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ НА ТЕМУ ЖИДЕЛИБАЙСЫН В ЛИРИКЕ К. БЕГМАНОВА

*Сұлтанова Б. М.¹

*¹Казахский национальный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются стихи поэта К. Бегманова. К. Бегманов – современный казахский поэт, первые сборники, которого относятся к середине 1990-х годов. Актуальность статьи обусловлена крайне малой степенью изученности творчества поэта К. Бегманова. Научная новизна настоящей работы обуславливается тем, что в ней проводится подробный анализ произведений К. Бегманова с точки зрения специфики процесса циклизации в его лирике. Нашей главной целью является определение особенностей цикла произведений рамках темы Жиделибайсына в лирике поэта К. Бегманова. Практическая значимость статьи заключается в том, что результаты его могут быть использованы при создании учебных пособий для преподавания казахской литературы XXI века в вузах.

В работе использованы историко-литературный, сравнительный методы, а также методы стилистического анализа текста.

В статье говорится о значении стихов поэта К. Бегманова в воспевании темы Родины в современной литературе. В творчестве поэта К. Бегманова тема Жиделибайсына стала другим серьезным направлением.

Жиделибайсын понимаеся как благодатное, святое, почитаемое, которое часто встречается в казахском народном фольклоре, в исторических эпосах, в легендах о Асан кайгы и в произведениях Бухар-жырау. В самом названии есть дух, сокрыты мысли и мечты казахского народа. Для казаха земля предков – это жизнь, существование. Жиделибайсын – это знак и символ спасения поколений, спасения страны, достижения счастья. Поэт рассказывает о судьбе народа через Жиделибайсын. Анализируя стихи поэта К. Бегманова о Жиделибайсын, мы заметили многообразие национального знания, такие как собственные сакральные ценности, добро и зло, родная земля..

Ключевые слова: Жиделибайсын, циклические произведения, поэзия, символ, родная земля, метафора, эпитет, тема, идея

FEATURES OF COMPLEX POEMS ON THE THEME OF ZHIDELIBAYSYN IN THE LYRICS OF K. BEGMANOV

*Sultanova B.¹

*¹ Kazakh national women's teacher training university, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article discusses the poems of the poet K. Begmanov. K. Begmanov is a modern Kazakh poet, whose first collections date back to the mid-1990s. The relevance of the research article is due to the extremely low degree of knowledge of the work of the poet K. Begmanov. This work's scientific uniqueness stems from its thorough examination of K. Begmanov's writings and from its focus on the particulars of the cyclization process in his lyrics. The main goal is to identify the characteristics of poetry in the framework of the theme of "Zhidelibaysyn" in the lyrics of the poet K. Begmanov. This paper's practical value is found in the fact that its findings can be utilized to create textbooks for university courses on 21st-century Kazakh literature. Methodology of the article: the work uses historical, literary, comparative methods, as well as methods of stylistic and motive analysis of the text.

The article talks about the significance of the poems of the poet K. Begmanov in glorifying the theme of the Motherland in Kazakh modern literature. In the work of the poet K. Begmanov, the theme of Zhidelibaysyn, one might say, has become another serious direction. Zhidelibaysyn - blessed, holy, revered, which is often found in Kazakh folk knowledge and understanding, in the epic, in the legends about Asan kaigy and in the works of Bukhar-zhyrau. There are hidden spirit in the name itself, the thoughts and dreams of the nation. For a Kazakh, the land of their ancestors is life, existence. Zhidelibaysyn is a sign and symbol of the salvation of generations, the salvation of the country, the achievement of happiness. The poet tells about the fate of the nation through Zhidelibaysyn. Analyzing the poems of the poet K. Begmanov about Zhidelibaysyn, we noticed

the diversity of national knowledge, such as our own sacred values, good and evil, to be a country and not to be, cherishing even a handful of land.

Keywords: Zhidelibaysyn, cluster poems, poetry, symbol, native place, metaphor, epithet, genres, theme, idea

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 13.01.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025

Автор туралы мәлімет:

Сұлтанова Бибігүл Мыңбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор міндетін атқарушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: bibigul-sultanova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1871-7398>

Информация об авторе:

Султанова Бибигуль Мынбаевна – кандидат филологических наук, и.о. профессора, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы Казахстан, e-mail: bibigul-sultanova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1871-7398>

Information about the author:

Sultanova Bibigul Mynbaevna – Candidate of Philological Sciences, Acting Professor Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bibigul-sultanova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1871-7398>